Тексерілді

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
**Топ: «Күншуақ» ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі(апта күндерін, айды, жылды көрсету) Наурыз айы 27.02-03.03.2023 (1 апта)**
**Тәрбиеші :Сагиева Н.А.**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі<br>27.02.2023 | Сейсенбі<br>28.02.2023 | Сәрсенбі<br>01.03.2023 | Бейсенбі<br>02.03.2023 | Жұма<br>03.03.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы мейірімге бөлеп, амандасу дағдыларын жетілдіру.Бүгінгі көңіл күйі мен денсаулығы туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге мумкіндік беру. Арнайы жерге төселген секіру ойын кілемшесі арқылы ойнап, топқа өтуіне жағдай жасау. **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата- аналарға осы айда болатын мерекелік ертеңгіліктермен іс шаралар туралы ақпарттар беріп, бірлесе атқаратын жұмыстарды талқылау. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты дамыту. Балаларды шеңберге отырғызып, бір біріне жақсы тілек айтқызу. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру мен үстел үсті ойындарын ойнату (пазлдар, домино, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар).<br>«Өнер» орталығында сурет салу, суретті карточкаларды бояту, дербес шығармашылық іс әрекеттерді ұйымдастыру.<br>Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарату, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару.<br>**(қоршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату<br>**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)**<br>Дене белсенділігін (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) жетілдіру.<br>**Наурыз айы**<br>**І- аптасында**<br>I Кедергілер арасымен жүру, әр-түрлі бағытта жүру, жүгіру, бағана болып қатарға тұру.<br>II 1б.қ аяқ бірге, қол төмен1-қол соғу. 2б.қ оралу. 4-5рет қайталау.<br>2б.қ аяқ арасы ашық, қол белде1-оңға еңкею, 2б.қ оралу 3-солға еңкею, 4б.қ оралу 4-5 рет<br>3б.қ аяқ арасы ашық, қолды бастан асыра айқастырып ұстау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1тізені бүкпей алға қарай еңкею, 2б.қ оралу<br>4б.қ аяқты созып отыру.1-аяқты бүгіп, тізені қапсыра құшақтау,2б.қ оралу. 4-5рет қайталану.<br>5 аяқты алмастырып секіру<br>III Еркін тыныс алу жаттығулары | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілікті ұйымдастыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері<br>Аспан ашық көгілдір<br>Күн шуағын төгіп тұр<br>Қол ұстасқан біздерге<br>Терезеден қарап тұр.<br>Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісу.<br>Көктемгі көңіл күйлері қалай екені сұрау? Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыра алады<br>**«Ұлттық қйын»**<br>**«Асық ойыны «Асық ойыны -** қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды. | Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндермен күйлерді тыңдай алады<br>**«Ұлттық ойын»**<br>**Айгөлек**<br>Айгөлек – халқымыздың ұлттық ойындарының бірі.<br>Ойын шарты | Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқаұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыра алады Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтере алады<br>**Ұлттық ойын**<br>**Асық ойынының бір түрін «Омпы»**<br>. Омпы – асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі.<br>Бұл ойынды көбінесе | . Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрыла алады<br>**«Ұлттық ойын»**<br>**«Ханталапай»**<br>Бұл отырып ойналатын ойын.<br>Оған төрт-бес үміткерден қатысады.<br>Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асықтың ерекше өзге түске (қызыл, не 36 көк) | **«Көңілді қошақандар»**<br>Көңілді қошақандар Спорт залда немесе аланда жерге ұзын сызық сызылады. Бұл сызық көпір, ал көпірдің арғы жағында қошақандардың үйі болады. Қошақандар көңілді әуенмен билеп жүреді, әуен тоқтағанда жарыса отырып, көпірден өтіп, үйлеріне жылдам жетулері керек.<br>**Музыка тыңдау:**<br>Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны – сақа, жақсылары – оңқай аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы **Дене шынықтыру** | бойынша ойнаушылар екі топқа бөлінеді. Олардың сандары да, жас шамалары да бірдей болулары керек. Екі топтың екеуінің де ойынды бастаушысы болады. Аралары 10-15 метрдей жерде қол ұстасып, қатарласатұрған осы екі топ біріне-бірі сөз тастап, күш көрсетіп, өнер жарыстыра бастайды. **Музыка** **Спорт залға келіп қимылды ойындар ойнап, спорттық жаттығулар жасау**: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрыла алады | бозбалалар ойнайды. Оны таза ауада жазық аланда, не үлкен бөлмелерде ойнауға болады. Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынның мақсаты - асық ұту. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көн сызады да біріншісіне төрт бұрыш жасайды **Дене шынықтыру** Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдана алады **Қазақ тілі** | боялған болуы шарт. Бір-бірден асық иіріледі де, қорытынды бойынша ойыншылардың кезектері анықталады. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға иіруі керек. Қалған ойыншылар өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» көз салады. | қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдай алады. **Музыка** **Кім жылдам?** Ойын аулада, спорт залында, бөлмеде ойнала береді. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды Денешынықтыру. |
| | Балаларға « кітап» орталығында «Жыл мезгілдері» ертегісін оқып бере алады Жыл мезгілдерінің атаулары мен ай атауларын атауды, санауды үйрене | Балаларға почта арқылы келген сыйлықты көрсете алады Ішін ашып көру үшін сыйқырлы сөзді айта алады. Ішінде әр түрлі | Балалардың назарын тақтаға ілінген көптеген көктемнің нышандары бейнеленген суреттерге аудырту. Реттік сан есімдерді | Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрене алады. Ғажайып қоржынды көрсетіп ішінен бір бір затты алу. Оның | Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін көрсете алады Өз бетінше таңдап киіп ойындар ойнай алады. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алады<br>**(көркем әдебиет)**<br>Қазақстанның көрікті жерлерінде түсірлеген фото суреттерді көрсетіп,<br>Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту.<br>Суреттегі бейнеленген жерлер туралы айту.<br>Өздерінің тұрып жатқан жерлерінің тағы қандай мезгілде әдемі болатынын сұрай алады<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br>Қағаздан құрастыру: «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым гүлдерді құрастыруды дамыта алады<br>**(құрастыру)**<br>«Жыл мезгілдері» ертегісін өз бетінше айту дағдыларын қалыптастыра алады<br>Ауа райын бақылау. Күннің қандай болып тұрғанын айтқызу.<br>Фетр матаға күннің шуақтарын жапсыру. | құрастыру ойыншықтары бар екен. Балаларды екі топқа бөліп. Бірінші топтағы балаларға әр түрлі құрылымдарды құрастыра алады<br>Екінші топ балаларына құрастыру ойыншықтарын жұптастырып қою арқылы оларды санату, салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтату. Сосын екі топтың балалары өздерінің жасаған жұмысы туралы қарама қарсы топтағы балаларға айтып беруін ұйымдастыру.<br>**Құрастыру математика негіздері және сөйлеуді дамыту**<br>Балалардың қалаулары бойынша бояулармен сурет сала алады<br>Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, | атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрене алады<br>**(математика негіздері)**<br>Тақтада ілініп тұрған заттарды балаларды екі топқа бөліп, ұжымдық жұмыс ұйымдастыру. Балалар өздері сұраққа жауап беріп алған заттарын жапсырып, көктемнің бейнесін жапсыра алады<br>**(жапсыру)**<br>Аналар мерекесіне арналған ертеңгілікте айтатын әндерін билерін пысықтау.<br>**(музыка** | қандай екенін сипаттау**(сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың қалауы бойынша терезеден көрген заттарын немесе құбылыстардың (**суретін салу, қағаздан қиып жапсыру**). | оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөніл-салмақты) ынталандыра алады.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Балаларды екі орталыққа бөлу. Бір орталықта<br>Өздеріне ұнайтын ертегі кейіпкерлерінің суретін бояй алады<br>**(сурет салу)**<br>Екінші орталықта ертегі кейіпкерлерін санау.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыра алады<br>Сандар патшалығына қонаққа бару.<br>Карточкалармен жұмыс.<br>**Дидактикалық ойын «Көршісін тап»**<br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(жапсыру)**<br>Көктем туралы ән тыңдап, бірге айтып, би билету.<br>**(музыка)**<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрене алады Ойын ережелерінсаналы түрде сақтай алады | үстелді сүрту дағдыларын дамыта алады.<br>**(Сурет салу)**<br>Балалар жұмыстарын аяқтаған соң тәрбиеші қорапты қозғап ішінде тағы бір зат бар сияқты деп дыбысын тыңдатады. Қорапқа сиқырлды сөздер айтқанда қораптың астын ашса кәмпиттер бар екен. Балаларға жақсы жұмыстары үшін таратып беру. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану дағдыларын пысықтау. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. **(Салауатты өмір салтын қалыптастыру)**<br><br>Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге үйрету. Серуенге бара жатқанда айналасына қарап, өзгесітерді байқау және атауды дамыту. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | ***Серуен № 1***<br><br>**. Бақылау. Гүлдейтін ағаштарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Жеміс ағаштарының гүлдейтінін көрсету арқылы оларға түйнектің қалай пайда болатынын түсіндіру. Ағаштарды сындыпмай, күтіп-баптау қажеттігін білдіру.<br>**Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан», «Қуыспақ» «Өз ағашыңды тап»**<br>**Жеке жұмыс**. Балаларға шие және алма ағаштарын гүліне қарай ажыратуға жұмыстану . | | | | |

| | |
|---|---|
| | **Еңбек.** Ағаш түбін қопсыту, су құю.<br>. **Көркем сөз.**<br>Отырғыз ағаш көктемде,<br>Жөн болмақ еңбек еткенің.<br>Келмесе шамаң еккенге,<br>Сындырма жұрттың еккенін. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды жетілдіру. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Ертеңгіліктерде айтатын әндерін тақпақтарын қайталап айту және т.б. жаттату. **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, енбек әрекеті)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға көктем туралы ертегілер оқып беру және жайлы музыка қою **(көркем әдебиет)** |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді.<br>Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсартуды көздеп балаларды үш топқа бөлу Бірінші топтағы баларға «Жыл мезгілдері» ертегісін өз бетінше айту дағдыларын қалыптастыру, жыл мезгілдерінің суреті бойынша сипаттауды үйрене алады. Екінші топта балалар ермексазбен әр жыл мезгіліндегі ағаштар мүсінін ермексаздан жасауын ұйымдастыра алады **(сөйлеуді дамыту, мүсіндеу сурет салу)** Үшінші орталықта: жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру. «Топтастыр» ойынын ойнату. Қыс және көктемнің киімдерін, заттарын топ болып арнайы екі қорапқа жинау, содан соң | Көктем туралы әнді естеріне түсіріп айтқызу, би билету. **(музыка)** Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. Көктемнің белгілері гүлдерді ермексаздан жасап, қиылған гүлдерді жапсыру. **(мүсіндеу және жапсыру)** Балалар айналаға қарандаршы, біз көктемнің келгенін қалай байқауымызға болады. Көктем тез келу үшін біз не істей аламыз. Көктем келгенше бір бірімізге жақсы жылы сөздер айта алады **(қоршаған ортамен танысу)** көктем туралы тақпақ жаттап көктемнің тез келуіне өз септігімізді тигізейік **Көктем** Көктем қырға төрледі, Төрт-түлік мал төлдеді. | Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың аналар мерекесіне алған сыйлықтарының суретін сала алады, мүсінін жасауына жағдай жасай алады **(сурет салу, мүсіндеу)** Сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыруды жетілдіре алады **(құрастыру)** Көктемнің қыстан айырмашылығын атауды үйрету. Қарлардың ертіп ағып жатқан тамшыларын тамашалау. Ағаштарды құстарды бақылау. Қазанақ қияр, балгарский перец немесе баклажанның (немесе гүлдердің) дәндерін алып, кішкентай стаканчиктерге отырғызу. **(қоршаған ортамен** | Өздері отырғызған дәндерге су құю, оларды бақылатып дәл қазіргі сәттегі бейнесін салу. **(қоршаған ортамен танысу және сурет салу)** Отырғызған дәнінен қандай өсімдік өсіп шығатынын ойлап, ермексаздан мүсінін жасату **(мүсіндеу)** Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру **(көркем әдебиет)** Ойыншықтармен жеке және топтық ойын «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарын қою арқылы сану салыстыру дағдыларын дамыту **(математика негіздері)** Табиғи заттардан кеме құрастырып, қардың еріп ағып | Ертегі кітаптарын қарату, балалардың қалаған ертегілерін оқып беру, үстел үсті театры арқылы көрсету. Өздерінің айтуына жағдай жасау. **(сөйлеуді дамыту)** Балаларды орталықтарға бөлу. Оқылған ертегі желісі негізінде көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. **(мүсіндеу)** Балалардың қалауы бойынша ертегі кейіпкерлерін жапсырту. **(жапсыру)** Ертегі желісіне жетпей қалған кейіпкерді құрастыру **(құрастыру)** Қар тез еріп кетуі үшін не істеуге болады. Тұзды қарға сеуіп көрсету. **(қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қуыршақ бейнесіне үйлестіріп қойып шығуды ұйымдастыру. **(математика негіздері)** « Ханталапай » Бұл отырып ойналатын ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады.Ойын үшін он асық таңдап алынады | Бейшешек құлпырып, Деп тұрғандай: көр мені. *К. Ыбрайұлы* **(көркем әдебиет)** «Көктем» тақпағын қайталау **Ұлттық ойын.** «Қуыр-қуыр қуырмаш» Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға: Ортаңғы саусағымды тапшы, - дейді. | **танысу)** Жыл мезгілдері ертегісін және көктем тақпағын естеріне түсіріп айта алады **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **Қимылды ойын:** «Кім жылдам» Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыта алады. **Ұлттық ойын.** **«Аударыспақ»** «Аударыспақ» ─ өте көне дәуірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны. «Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кеңінен таралған ойын | жатқан суына жүрздірту **(құрастыру)** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату **(музыка)** **Қимылды ойын:** «Кім жылдам» **Ұлттық ойын.** **«Көтермек »** Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. | **танысу)** **Қимылды ойын** «Кешікпе» Аналар мерекесіне арналған ертеңгілікте айтатын әндерін билерін пысықтау. **(музыка)** **Ұлттық ойын.** **«Әуе таяқ»** Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5-тен 10-ға дейін ойыншы болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ таякша) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | . «Ғажайып қапшық» Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. | Дид-қ ойын: «Дұрыс орналастыр» Мақсаты: жануарлардың атауын білдіретін, сөздердің түрліше атауларын үйрету | «Сиқырлы дорба» Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. | «Айырмашылығын тап» Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру. | «Суретші қай жерде қателесті? Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылық туғызу.<br>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау және ойыншықтар алып шығу.(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | Қимылды ойын «Трамвай»<br>«Жыл мезгілдері» ертегісін өз бетінше айту дағдыларын қалыптастыру бойынша жеке балалармен жұмыс. | **Қимылды ойын:** «Мысық пен тышқан» | Қимылды ойын «Трамвай» | Еркін ойындар | **Қимылды ойын** «Хан талапай» |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Көктем мезгілігің ерекшеліктері туралы балалармен әңгімелесуді ұсыну. Балаларға қызықты ойындарды үйде ойнауға ұсыну. Апта бойы жасалған жұмыстармен таныстыру. | | | | |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
**Топ: «Күншуақ» ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі(апта күндерін, айды, жылды көрсету) Наурыз айы 06.03-10.03.2023 (2 апта)**
**Тәрбиеші :Сагиева Н .А.**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 06.03.2023** | **Сейсенбі 07.03.2023** | **Сәрсенбі 08.03.2023** | **Бейсенбі 09.03.2023** | **Жұма 10.03.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Аналар күніне арналған ертеңгілікке қатысуға шақыру.<br>Апта бойы жасалған жұмыстар туралы ақпарат беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел -үсті ойыны. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?» . Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту.<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, **(сөйлеуді дамыту)**<br>Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету.<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. **Балармен жеке жұмыс. (қоршаған ортамен танысу)** | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату.<br>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату(**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**<br>**Наурыз айы**<br>**ІІ аптасында**<br>I Кедергілер арасымен жүру, әр-түрлі бағытта жүру, жүгіру, бағана болып қатарға тұру.<br>II 1б.қ аяқ бірге, қол төмен1-қол соғу. 2б.қ оралу. 4-5рет қайталау.<br>2б.қ аяқ арасы ашық, қол белде1-оңға еңкею, 2б.қ оралу 3-солға еңкею, 4б.қ оралу 4-5 рет | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3б.қ аяқ арасы ашық, қолды бастан асыра айқастырып ұстау.<br>1тізені бүкпей алға қарай еңкею, 2б.қ оралу<br>4б.қ аяқты созып отыру.1-аяқты бүгіп, тізені қапсыра құшақтау,2б.қ оралу. 4-5рет қайталану.<br>5 аяқты алмастырып секіру<br>III Еркін тыныс алу жаттығулары | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Балалар көктемнің күніндей жылы сөздерді бір біріне айтады.<br>Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Негізгі қимылдар:** жүруді секірумен алмастырып жүру түрлі тапсырмаларды орындай отырып: жетекшіні ауыстырып жүгіре алады<br>**«Қимылды ойын»**<br>**«Күн шуақ және жаңбыр»**<br>Балалар залдың қабырғасынан бір шама алысырақ қойылған орындықтардың арт жағына жүрелерінен отырады да, терезеден қарайды (орындықтың артындағы саңылаудан) Тәрбиеші «Күн шуақ! Ойнап келіңдер!»-дейді. Балалар аланда | .**«Қимылды ойын»**<br>**Тауық қорадағы түлкі**<br>Залдың бір жақ шетіне тауық қораны орналастырады (гимнастикалық орындықтарды пайдалануға болады). Қорада тауықтар ұяда отырады. Залдың қарсы бетінде – түлкінің ұясы. Қалған бос орынның бәрі – аула. Ойынға қатысатын балалардың бірін түлкінің рөліне сайлайды<br><br>**«Құрметтеуді үйренеміз»**<br>**Ойынның мақсаты**: | | Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.<br>**«Қимылды ойын»**<br>**«Кешікпе»**<br>Кубиктер мен сылдырмақтарды еденге шеңбер бойымен орналасады. Балалар кубиктердің жанына тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша олар бірін-бірі қағып, соқпай және кубиктерге тиіп кетепй бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүреді | **«Қимылды ойын»**<br>**«Допты ұстап алу»**<br>Жүргізушіден басқа балалардың бәрі шеңбер құрап тұрады. Балалар допты бір-біріне береді. Жүргізуші шеңбердің сыртында жүреді. Ол допқа қолының ұшын тигізуге тырысады. Егер қолын тигізсе, сол кезде допты ұстап тұрған ойыншымен орын алмасады. Ал, ойыншы шеңбердің сыртына шығады. Ойын қайталанады.<br><br>**Музыка тыңдау:** Әндерді иллюстрацияларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүгіреді. «Жаңбыр, тезірек үйге қайтыңдар!» -деген белгісі бойынша барлығы өз орындарына қарай жүгіреді және орындықтардың арт жағына келіп отырады.<br>**Дене шынықтыру** | құрдастарына құрметпен қарауға тәрбиелеу. Педагог балалардан қандай адамгершілік қасиеттер құрметке лайық болып көрінетінін ойлануды және айтуды сұрайды. Содан кейін балалар шеңберге тұрып, бір-біріне допты беріп, доп берген баланы не үшін құрметтейтінін айтады. Ойын барлық қатысушылар айтып болғанша жалғасады. | | және кубикерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүгіреді. | көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. |
| | «Бесік жырын» тыңдай алады Балалардан бұл әнді кім айтатынын сұрау. Адамның ең жақыны кім екенін сұрай алады Аналарын қалай жақсы көретіндігі туралы балалардан сұрап әңгімелей алады<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Өзін құрметтеуге, өз кадір-қасиетін | Мерекелік ертеңгілік Балардың ән айту, би билеп тақтақтар айтуын, ойындар ұйымдастыра алады<br>**көркем әдебиет**<br>**музыка**<br><br>**«Ата-аналарға қамқорлық жасау»**<br>**Ойын мақсаты:** елгезектікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Балалар бірнеше қадам | | **Анашым**<br>Айналайын анашым,<br>Үлкейдім мен, қарашы.<br>Маңдайымнан іскеп ап,<br>Шаштарымды тарашы.<br><br>Ұйықтап алшы анам-ау,<br>Шаршап келдің жұмыстан<br>! Өлеңін оқып беру. Балалардан анасына қалай көмектесіндері туралы әңгімелей алады. Ойларын толық жеткізуін қалыптастыра алады | Топтағы ойыншық сөресін реттеу керектігін айту. ойыншықтарды салыстыруды үйрету. Топтағы орындарын ауыстыру<br>**(математика негіздері)**<br><br>Аналар мерекесі қалай өтті? Аналарының қуанышты сәттері туралы айту. оларды эмоциямен көрсетуді ұйымдастыра алады **(сөйлеуді дамыту)**<br>**Дене шынықтыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.<br>Отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелей алады<br>Соның бірі 8 наурыз халықаралық әйелдер күні екенін айтып түсіндіре алады<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br>Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық» Сандықтан түрлі әшекей заттарды бір бірден әр бала алып, көруін және сипап сезу арқылы зерттеу жасауын ұйымдастыру<br>**(математика негіздері** | қашықтықта педагогке қарама-қарсы тұрады. Педагог кезекпен балаларға допты лақтырып, мынадай жағдайларда қалай қамқорлық жасауға болатынын сұрайды:<br>**- анаң ауырып қалды;**<br>**- анаң жұмыстан шаршап келді;**<br>**- ананның көңіл-күйі жоқ;**<br>**- ананның шаруасы көп; - әкеңнің жұмысында қолайсыздықтар болды**. Ата-аналарға қалай көмектесуге болатынын ойлап тапқан бала алға бір қадам жасайды, бірінші болып тәрбиешіге жеткен бала жеңімпаз болады. Ойын соңында педагог балалардан өмірлік жағдайда өздері айтқандай әрекет етуді айта алады<br>**сөйлеуді дамыту** | | **(көркем әдебиет)**<br>Анамызға көмектің бірі ойыншықтарымызды ойнап болған соң әдемі етіп жинап қою. Қане ортада қорапта тұрған ойыншықтарды өсу және кему ретімен орналастырып, салыстырып көрейік деп тапсырманы орындай алады<br>**(математика негіздері)**<br><br>Тақпақтарын қайталау, бүгінгі күннің ерекше сәттерін еске алып, әңгімелей алады<br>**Қимылды ойын**<br>«Ханталапай» | құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалана алады<br>**Қимылды ойын**<br><br>Қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білуін пысықтай алады (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).<br>**(қоршаған ортамен танысу)** Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындай алады<br>**(музыка** |

| | |
|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.<br>Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. |
| **Серуен** | ***Серуен № 2***<br><br>**. Бақылау. Қараторғайды бақылау.**<br>**Мақсаты:** құстар туралы білімдерін толықтырып, қарғамен салыстыру, ұқсастығын көрсету.Қамқорлыққа тәрбиелеуді жалғастыру.<br>**Қимылды ойындар: «Арқан тартыс», «Қуыспақ» «Құстар мен машиналар»**<br>**. Жеке жұмыс. Үш-төрт балаға «Аталған құсты көрсет» дидактикалық ойынды үйрету.**<br>**4. Еңбек**. Құстарға жем шашу.<br>**Көркем сөз.** Жұмбақ.<br>Балалармен достасып,<br>Жазда бақты қорғайды.<br>Күзде кетер қоштасып,<br>Кім біледі... (торғайды). |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу барысында көркем сөз қолдану.<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жай, баяу музыка тыңдату. Қазақ халық ертегілерін оқып беру (**көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді.<br>Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.<br>Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Ең жақсы сөз**<br>*Н.Жанаев*<br>Ең жақсы сөз – Ана,<br>Ең жақсы сөз – Бала.<br>Өсіп жатса бала, Ана оған пана.<br>Аман болсын Ана,<br>Аман болсын Бала.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларды екі орталыққа қалаулары бойынша бөлу.<br>Аналарына арналған білезік жасай алады<br>**(мүсіндеу)**<br>Аналарға арналған ашық хатты безендіруін | Балаларды орталықтарға бөлу.<br>Балалар қалауы бойынша еркін тақырыпта шығармашылық жұмыстармен айналыса алады.<br>**(жапсыру)**<br>**(сурет салу)**<br>**(мүсіндеу)**<br>Құрылыс материалдарынан дербес әрекет жасай алады<br>**(құрастыру)**<br><br>Балабақша ауласында | | Кітаптар қарату, өздері білетін ертегілерді сахналату. «Жеті лақ» ертегісіндегі ананың рөлі туралы әңгімелесу.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру.<br>**(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларады орталықтарға бөлу.<br>Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік | Қағаздан құрастырылған гүлдердің түрлерімен таныстыру .<br>Орталықтарға бөлініп ұнаған гүлмен шығармашылық жұмыстарын жасай алады. Таңдауы бойынша **сурет салу жапсыру немесе мүсіндеуді, құрастыра алады**<br>**Ұлттық ойын**<br>«Сиқырлы таяқ<br>«Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұйымдастыра алады.<br>**(жапсыру)**<br><br>Ертеңгілікте айтатын әндерін билерін қайталату.<br>**(музыка)**<br>Балабақша ауласында серуен. Құстардың да жануарлардың да анасы болатындығын түсіндіре алады<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Шымшықтар мен мысық»<br><br>Дербес ойындар. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау,<br><br>Құрастыру заттарынан еркін құрылымдар құрастыра алады.<br>**Құрастыру**<br>**Ұлттық ойын** | серуендеп жүрген кезде әр бір көрген заттарын сипаттап сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды дамыта алады (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау).<br>**(математика негіздері)**<br>**Ұлттық ойын**<br>Ақшамшық (сақина салу) Бұл – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он-он бес адам қатысып, ортаға бір баланы немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. | | бере алады. Еркін тақырыпта жұмыс жасай алады<br>**(жапсыру)**<br>**(сурет салу)**<br>Шамасы келетін жұмысты орындату кезінде балалардың бастамасын қолдау: қар тазалау, қыстайтын құстарды қоректендіре алады<br><br>Қимылды ойын<br>«Шымшықтар мен мысық»<br><br>«Ана туралы» әнін дауыстап және төмен дауыспен айта алады<br>**(музыка)**<br>**Ұлттық ойын.**<br>Ақсүйек»<br>Ең алдымен, ойнаушылар өзара келісіп, жеңген топ үшін жүлде тағайындайды да, екі топқа бөлінеді. Топ басқарушылар ақсүйекті қайсысының лақтыратынын шешіп алу | Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның тәртібін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Қара құлақ» Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі кетеді | | | үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса, сол асқүйекті құлашы жеткенше лақтырады | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Дауыстап санау» Ойынның мақсаты: Дауыстап санауға, қорытынды санды есте сақтауға үйрету. | « Дидактикалық ойын: «Тез жауап бер» Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету | Дидактикалық ойын: «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?» Мақсаты: Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында-артында ұғымдарын бекіту | Дидактикалық ойын:«Ойыншықтарды тап!» Ойынның мақсаты:Заттардын атын дұрыс атай білуді үйрету. | . Дидактикалық ойын Не жетпейді Ойынның мақсаты:Балаларды рөлдерге бөліп ,сол рөл бойынша әрекет жасауға үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Еркін ойындар** Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту | Ауа райының өзгерістері туралы айту, бақылату. **(қоршаған ортамен танысу)** | **Еркін ойындар** | Еркін ойындар Қимылды ойын «Сақина жасыру | Қимылды ойын «Сақина жасыру.» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу. | | | | |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
**Топ: «Күншуақ» ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі(апта күндерін, айды, жылды көрсету) Наурыз айы 13.03-17.03.2023 (3 апта)**
**Тәрбиеші :Сагиева Н А.**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 13.03.2023 | Сейсенбі 14.03.2023 | Сәрсенбі 15.03.2023 | Бейсенбі 16.03.2023 | Жұма 17.03.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу.Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Дидактикалық ойын:«Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың суреттерін қарау,<br>Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасау) **Балармен жеке жұмыс.**<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілету (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру. | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**<br>Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.<br>**Наурыз айы**<br>**III аптасында**<br>I Жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, жүгіру, жәй жүру, бағана болып тұру<br>II 1б.қ аяқ бірге қол төмен1-қолды алға созу, 2 жоғары көтеру, 3жанына қою, 4б.қ оралу. 4-5 рет<br>2б.қ аяқ арасы ашық, қол белде1-оңға қарай қолды созып бұрылу, 2б.қ оралу, 3 солға қарай созу, 4б.қ оралу 4-5рет қайталау.<br>3б.қ аяқ арасы ашық, қол иықта1-қолды жоғары көтеру, 2-оңға қарайтербелу, 3-солға қарай тербелу. 4б.қ оралу 4-5рет қайталау | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4б.қ аяқ арасы ашық, қол белде1-қолды алға созу, 2 отыру 3тұру 4б.қ оралу 4-5рет қайталау.<br>5 Қос аяқпен секіру 7-8 секунд<br>III Еркін тыныс алу жаттығулары | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» жаттауға баулу**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>**Сары май**<br>Көп адамдар білмейді,<br>Ішсе шәйін үрлейді.<br>Ыстық шәйға май қосса,<br>Бірден ауыз күймейді. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын:<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>Көктем мезгілінде неше ай бар?<br>Қандай айлар атап беріңдерші?<br>Көктемде не жауады?<br>Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру.<br>«Наурыз мерекесі туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелей алады<br>**«Ұлттық ойын»**<br>**«Соқыр теке»**<br>Балалар дөңгелене тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады. Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ, Қайда кеткен құлыншақ.Соқыр теке | **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналай алады<br>**«Қимылды ойын»**<br>**«Мысық пен құстар»** Үлкен шеңбер сызылады немесе ұзын жіптің көмегімен | 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыра алады (2 метр қашықтықтан);<br>**«Ұлттық ойын»**<br>**«Тақия тастамақ»**Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші | **«Ұлттық ойын»**<br>**«Арқан тарту»**<br>Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып алып келсе, сол топ жеңіске жетеді. Екі бала | **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналай алады<br>**«Қимылды ойын»**<br>**«Марғаулар мен күшіктер»**<br>Ойынға қатысатын балалар екі топқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бақ-бақ, Мені ізден тап-тап - деп өлеңмен айтады. Содан кейін Соқыр теке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алғанбаланың көзі байланады да ол «соқыр теке» рөлін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді. **Дене шынықтыру** | шенбер жасайды. Балалар шеңбердің сыртына тұрады. Бір бала мысықтың рөлін орындайды. Ол шенбердің ішіне тұрады, қалған балалар – құстар. Мысық көзін жұмып, ұйықтайды. Ал, құстар шеңберге секіріп кіреді, ұшады, отырады, дәндерді шоқиды. Мысық оянып кетіп, оларды қуалайды. **Музыка** | шеңбердің сыртын айнала жүгіріп жүріп, біреуінің артына білдіртпей тақияны тастап кетеді. Егер біреу сезіп қойса, жүргізушіні қуыпжетуі керек. Ал, жүргізуші қуған баланың орнына тұра қалуға тырысады. Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өнер көрсетеді. **Дене шынықтыру** Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі нтонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айта алады. **Наурыз айы келіпті,**<br>**Қар, мұзы да еріпті.**<br>**Көптен күткен халқына,**<br>**Мол ырысын беріпті** **Қазақ тілі** | тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. | бөлінеді. Бір топтағы балалар марғаулардың, екінші топтағылар – күшіктердің рөлін орындайды. Марғаулар гимнастикалық қабырғаның қасында тұрады; күшіктер залдың екінші жағында (орындықтың артындағы үйшікте, бүйірімен қойылған баспалдақтың артында). Педагог марғауларды ақырын жүгіруге шақырады **Музыка** |
| | Көктемнің алғашқы айы наурыз екенін. Наурыз тойы туралы ақпарат бере алады. Балаларды қазақ | Ғажайып қорапшадан қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлері шығарып. балалар оларды | Қамшымен таныстыру. Бөліктерін атау, тану. Оны кеңстікте орналастыру арқылы | «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін естеріне түсіре алады. | Киіз үй туралы не білетіндерін айта алады. Халық мақалдарын айтқызу. Отансыз адам – |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, конақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтай алады Ұлттық бұрышта, ұлттық киімдерді киіп, қонақты күтіп алып шығарып салуын дәстүрге сай ұйымдастыруын сахналай алады **(сөйлеуді дамыту)** | атайды, содан соң санап салыстыра алады. Қандай қызмет атқаратынын, қандай дыбыс шығаратынын айтып бере алады. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрене алады **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерін тағып көре алады **«Ата мен әжеге көмектес»** Міндеттері: балаларды еңбекқорлыққа, қол ұшын беруге, мейірімділікке, жанашырлыққа тәрбиелеу. Алдын-ала жұмыс. Педагог балаларға отбасында ата-әжелеріне қамқорлық жасау керектігін еске салады. Ойын. Үстелде газеттер, кітаптар шашылып жатыр, | анықтай алады. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыра алады заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді жетілдіре алады (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). **(математика негіздері)** «Қара жорға» әнін айта алады би қимылдарын қамшы мен жасай алады **(музыка)** | Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрене алады. **(сөйлеуді дамыту)** Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыра алады. Киіз үй бейнсін дұрыс орналастырып жапсыра алады **(жапсыру)** **Игі істер қоржыны»** Түрлі-түсті қағаздан дөңгелектерді немесе жүрекшелерді қиып алуға болады. Әр күннің соңында балаға «қоржынға» бүгін қанша игі істер жасаса, сонша дөңгелек салу ұсынылады. Бала қиналған жағдайда, оған көмектесу керек. Мұндай ойын баланы игі істер жасауға ынталандырады | ормансыз бұлбұл. Әдептілік белгісі –иіліп сәлем бергені. Әкені көріп ұл өсер, Ананы көріп қыз өсер. Бірлікбар жерде – тірлік бар. **(сөйлеуді дамыту)** Киіз үйдегі тұрмыстық заттарды атау. Олардың қызметі туралы әнгімелеп, көрсете алады. Олардың суретін сала алады Сурет салу оңай ма? Сурет салу оңай ма? Жұртқа өнерің ұнай ма?Мұның бәрі түк емес Талаптыға алайда. А. Ш **(қоршаған ортамен танысу, сурет салу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көзілдірік еденге «құлап түсті». Орындықтың жанында себет тұр. Оның айналасында жіп орамдары шашылып жатыр және жерде әженің орамалы жатыр.<br><br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br><br>Дайын әшекей бейнелерін бояй алады<br>**(сурет салу)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру.<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | ***Серуен № 3***<br>**1. Бақылау**. **«Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау.»**<br>**Мақсаты:** Жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. Құмырсқа , масаларды бақылату арқылы олардың шағатынын, еңбекқорлығын көруге үйрету.<br>**2. Қимылды ойындар:**<br>**«Масаны ұстап ал»**<br>**«Үйсіз қоян»**<br>**3. Жеке жұмыс.** Жәндіктер туралы жұмбақтар шешу.<br>**4. Еңбек**.Жәндіктерге нан қиқымын беру.<br>**5. Көркем сөз.**<br>Құмырсқа батыр.<br>Қимылдап жатыр.<br>Алды да ырғап, | | | | |

| | |
|---|---|
| | Көтерді «бір қап»<br>Құмырсқа қыстан,<br>Шығады жырғап.<br>Жалқауға күллі-<br>Құмырсқа үлгі. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халқының баяу күйлерін тыңдату **(музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді.<br>Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға ,жинауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Балаларды екі орталыққа бөлу. Бірінші орталықта балаларға құрылыс материалдарынан киіз үй құрастыруды орындай алады. **(құрастыру)** Екінші орталықта шығармашылықпен қалаулары бойынша ұлттық тағамдардың суретін бояйды немесе мүсінін жасап үстел бетіне жайғастырады. Таңдауы бойынша дайын тағамдарды қиып жапсыра алады Ұлттық заттарды қазіргі таңда балабақшамыздың қай жерлерінен көруге болатынын айтып, көрсете алады **(қоршаған ортамен танысу)** Оларды санай алады салыстыра алады **(математика негіздері)** **Қимылды ойын** | Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндей алады. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіруді жалғастыра алады **(мүсіндеу)** Сакина салу ұлттық ойынымен таныса алады Оның ережелерін айту. Сакина түрлерімен . бірнеше рет ойнай алады **(көркем әдебиет)** Құрылыс материалдарымен еркін ойындар **(құрастыру)** Ауа райын тамашалату. Көктемнің алғашқы белгілерін байқай алады **(қоршаған ортамен** | Балаларды орталықтарға бөлу. Ер балаларында ермексаздан қамшы мүсіндей алады Тасқа бедер саламын, Егеп, қырнап, жонамын. Шеберлігі шыңдалған Мен мүсінші боламын **мүсіндеу** Қыз балаларға кілемшені «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз» оюларымен безендіруді үйрене алады элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыра алады. **(сурет салу)** Барлығына «Наурыз» тақпағын жаттату. Қарды ерітіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп атамыз, Бата беріп апамыз. Тәтті болып жасалған | Әшекей бұйымдардың суретін сала алады. **(сурет салу)** Қазақ халқының бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі) таныстыра алады, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді үйрене алады **(құрастыру )** Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалату **(көркем әдебиет)** Ауа райын бақылату, Балабақша ауласында кездесетін пішіндерді таба алады. **(математика** | Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындарын ойнату. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. **(құрастыру)** Ермексазбен еркін әрекеттер жасату. **(мүсіндеу)** Балабақшаның ұлттық бұрышына барып, конак күту ойынын ойнату. **(көркем әдебиет)** Ұлттық бұрыштағы заттарды тану, санату, салыстыру. **(математика негіздері)** Геометриялық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Автобус»<br>Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету **(музыка)**<br>«Арқан тартыс»<br>Бұл ойынның екі түрі бар. Біріншісі жазда көгал үстінде, екіншісі қыста қар үстінде ойналады. | **танысу)**<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Кішкентай маймылдар | Наурыз дәмін татамыз. **(көркем әдебиет)**<br>Ағаштың бұтақтарын жинап, үйшік құрастыруды үйрене алады. **(құрастыру)**<br><br>Балабақша ауласындағы құстарды бақылай алады. Олардың тіршілігі туралы әңгімелей алады.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>**Қимылды ойын**<br>«Шымшықтар мен мысық» | **негіздері)**<br><br>**Дидактикалық ойын**<br>«Дауысынан таны» кеме мен ұшақтардың дауыстарын тану, атауды пысықтау.<br>**Ұлттық ойын Жаңылма»**<br>Бір топ бала көгалды алаңға жиналып, қол ұстасып, дөңгелене тұрады да, ортасынан санамақ айтып бір баланы ортаға шығарады. Шыққан бала өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып кез-келген жерінде жата қалады, не болмаса құлағын ұстайды, басын сипайды, тағы сол сияқты іс-әрекеттерді жасайды | пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа біріздiлігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау дағдысын пысықтау.<br>**(жапсыру**<br>**Ұлттық ойын Шалма «Шалма»** ойынына екі бала қатысады да, қалғандары көріп, тыңдап отырады. Ойын үйде, аулада өте береді. Ойыншылар біріне-бірі қарсы қарап отырады да, дайын болған шалманы бірінің қолынан бірі алады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Дидактикалық ойын: «Оюды құрастыр, атын ата!» Мақсаты: | Дидактикалық ойын: «Өз үйіңді тап» Мақсаты: түстерді | Дидактикалық ойын: «Қандай түс» Мақсаты: балалардың | Дидактикалық ойын: « Бейнені құрастыр» Ойынның | «Тапсырманы орында» Мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларға қазақ халқының салтдәстүрін үйрету, қазақтың пір тұтатын байлығын танып білуге тәрбиелеу. | ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. | 6 түс туралы алған білімін бекіту. Заттардың әр түрлі сыртқы ерекшеліктеріне./ пішін, көлем, атқару қызметіне / назар аудармай отырып түстерді айыру | мақсаты:Балаларды рөлдерге бөліп ,сол рөл бойынша әрекет жасауға үйрету. | жаттықтыру. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Қимылды ойын** «Поезд» | Еркін ойындар **Қимылды ойын** «Кішкентай маймылдар | Еркін ойындар **Қимылды ойын** «Шымшықтар мен мысық» | Еркін ойындар **Қимылды ойын** «Мекен мен балапандар» | Еркін ойындар **Қимылды ойын** «Мысық пен тышқан» |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту дағдыларын үйде де жетілдіру керектігі туралы ақпарат беру. Көлік түрлері туралы әңгімелесуді ұсыну. | | | | |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
**Топ: «Күншуақ» ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі(апта күндерін, айды, жылды көрсету) Наурыз айы 20.03-24.03.2023 (4 апта)**
**Тәрбиеші:Сагиева Н .А.**

<table>
<tr><td>Күн тәртібінің кезеңдері</td><td>Дүйсенбі<br>20.03.2023</td><td>Сейсенбі<br>21.03.2023</td><td>Сәрсенбі<br>22.03.2023</td><td>Бейсенбі<br>23.03.2023</td><td>Жұма<br>24.03.2023</td></tr>
<tr><td>Балаларды қабылдау</td><td colspan="5">«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту).</td></tr>
<tr><td>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</td><td colspan="5">Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым қатынасында өз ойын толық жеткізуі туралы әңгімелесу. пікірлесу.</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</td><td colspan="5">Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау,атын атау), «Ғажайып сандық».<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар.<br>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру:Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдауды үйрету. (құрастыру)<br>Кітаптарды қарату, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастырту.<br>Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасату,адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру</td></tr>
<tr><td>Таңертеңгі жаттығу</td><td colspan="5">Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.<br>Наурыз айы<br>IV аптасында<br>I Жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, жүгіру, жәй жүру, бағана болып тұру<br>II 1б.қ аяқ бірге қол төмен1-қолды алға созу, 2 жоғары көтеру, 3жанына қою, 4б.қ оралу. 4-5 рет<br>2б.қ аяқ арасы ашық, қол белде1-оңға қарай қолды созып бұрылу, 2б.қ оралу, 3 солға қарай созу, 4б.қ оралу 4-5рет қайталау.<br>3б.қ аяқ арасы ашық, қол иықта1-қолды жоғары көтеру, 2-оңға қарайтербелу, 3-солға қарай тербелу. 4б.қ оралу 4-5рет қайтал<br>4б.қ аяқ арасы ашық, қол белде1-қолды алға созу, 2 отыру 3тұру 4б.қ оралу 4-5рет қайталау.<br>5 Қос аяқпен секіру 7-8 секунд<br>III Еркін тыныс алу жаттығулары</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br>Сүт<br>Май алады сүттен,<br>Құрт алады сүттен.<br>Сүт алады молырақ,<br>Малын баптап күткен.<br>(сөйлеуді дамыту)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Таңғы жиын.<br>Шуақ шаша алтын таңда,<br>Мөлдір таза ауада.<br>Табиғаттың бәрі оянады.<br>Қайырлы таң балалар!<br>Сәлем бердім саған елім!<br>Тал бесігім туған жерім.<br>Сәлем бердім бәріңізге!<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктемде қанша ай бар?<br>Атап беріңдер?деп сұрақтар қойып<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылату.<br>Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру.<br>«Жаңбыр» туралы не білетіндерін сұрау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</td><td>Ырғақтық жаттығулар.<br>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау<br>«Ұлттық ойын»</td><td></td><td></td><td></td><td>Билер:<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындай алады<br>Шеңбер бойыменән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Теңге ілу»**<br>Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға ононнан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады<br>**Дене шынықтыру**<br>5-ке дейін реттік санату дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атай алады. Балабақша ауласындағы ағаштарды, құстарды санай алады<br>**(математика негіздері)**<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Хан талапай»<br><br>Наурыз туралы ән айта алады.<br>**(музыка)** | | | | ептілік таныта алады<br>Кетті, кетті орамал!<br>Ойынға қатысатын балалар шеңбер құрап отырады және бір-біріне иығын тірейді. Тізелерін аздап бүгеді. Жүргізуші шеңбердің сыртында қалады. «Кетті, кетті орамал!» деген сөздерді қайталап, орамалды тізенің астынан береді. Жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін айтуы тиіс. Егер жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін тапса, сол ойыншымен орын алмасады.<br>**Музыка**<br>**Ұлттық ойын**<br>Үш орындық» ойыны<br>Үш орындық ойының кең бөлмеде, спорт залдарында ойнауға болады.Ол үшін ортаға үш орындық қойылады. Ойынға қатысушылардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | санына байланысты орындықтың көбейе түсуі мүмкін |
| | Балабақша ауласына серуен  барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемдегі – құстардың ұшып келуі, оларды қоректендірудің қажеттігін түсіндіре аладыТопқа оралып, жабайы аңдардың суретін көру  олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы,қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын айта алады.<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br>Балалардың кітаптағы құстардың бейнесін өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыра алады.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Жеке құстарды  және бірдей құстарды қайталап салу және | | | | Терезеге қарап жаңбырды тамашалай алады. Жаңбыр туралы не білетндерін сұрау. Далаға шелектер қойып су жинату, жиналған суды топтағы өсімдіктерге құйа алады<br>**сөйлеуді дамыту және қоршаған ортамен танысу**<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейте алады<br>Күн тәртібі бейнеленген суреттерге ауа райын бақылап, жаңбыр қай кезде жауып тұрса, сол кезде жаңбырдың карточкасын жапсыра алады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды сала алады **(сурет салу).** | | | | **(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылату. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | ***Серуен № 4***<br>**1. Бақылау. «Құстарды бақылау.»**<br>**Мақсаты.**Сауысқан, торғай, қарғанын қимылы-қозғалыстарындағы өзгешеліктерді байқауға және айтуға үйрету. т.б<br>**2. Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық» , «Ақ серек, көк серек»**<br>**«Ұшты-ұшты»**<br>**3. Жеке жұмыс.** 4-5 баланы көздеп түсіруге жаттықтыру.<br>**4. Еңбек**.Телімді жинастыру.<br>**5. Жұмбақ жасыру.** Қайталап атымды,<br>Көктемде ән саламын.<br>Кез келген ұяға<br>Жұмыртқа саламын.<br>(көкек)<br>Ұшқаны қызық жалпылдап,<br>Өзі сондай қарқылдақ. **(қарға)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>Ереже айту. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | . Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Көктемгі тіршілік туралы ертегілер оқып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді.<br>Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Кітаптар қарату.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру.<br>Таныс ертегі қойылымын жасай алады<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>Құстардың мүсінін жасай алады қиып жапсыру жұмыстарын | | | | Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарай алады, әңгімелей алады. Топтағы ойыншықтарының суретін сала алады, мүсінін жасай алады, немесе қағаздан өздері ойыншық жасай алады.<br>**(сурет салу, құрастыру,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындай алады **(мүсіндеу, жапсыру)**<br><br>Конструктордан әр түрлі құрылымдар құрастыра алады **(Құрастыру)**<br>**«Ұлттық ойын»**<br>Кім жылдам?<br>Ежелгі ойындардың бірі - Кім жылдам? Ойын аулада, спорт залында, бөлмеде ойнала береді. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады | | | | **мүсіндеу, жапсыру)**<br><br>Кітаптан балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. **(көркем әдебиет)**<br><br>Ауладағы ағаштарды бақылай алады, салыстыру, көктемде қалай өзгеріп жатқанын бақылай алады. Өсімдіктер, оларға күтім жасай алады (жерді қопсыту, суарту, жапырақтардың шаңын сүрту) Түсініктерімен енбек дағдыларын дамыта алады. **(қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Қимылды ойын** «Трамвай» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ойыншықты тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету | | | | Дидактикалық ойын:« «Әдемі гүлдер»» Ойынның мақсаты: бөліктерден гүлдер жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | дамыту;<br>ұйымшылдыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | **Еркін ойындар**<br>Үйге көлікпен қайтатындарын айта алады.<br>Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық таныта алады.<br>(қоршаған ортамен танысу)<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Жоғары лақтыр» | | | | **Қимылды ойын**<br>«Хан талапай»<br><br>Еркін ойындар |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Жыл басы наурыз туралы әңгімелесуді ұсыну.<br>Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы баяндау.<br>Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу. | | | | |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
**Топ: «Күншуақ» ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі(апта күндерін, айды, жылды көрсету) Наурыз айы 27.03-31.03.2023 (5 апта)Қайталау парағы**
**Тәрбиеші:Сагиева Н.А.**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 27.03.2023 | Сейсенбі 28.03.2023 | Сәрсенбі 29.03.2023 | Бейсенбі 30.03.2023 | Жұма 31.03.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Көңілді қарсы алып, көңіл-күйлерін мен денсаулығы туралы сұрау. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата –аналармен пікірлесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау,атын атау), «Ғажайып сандық».<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар.<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру.<br>Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау,адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру<br>**Наурыз айы**<br>**І- аптасында**<br>І Кедергілер арасымен жүру, әр-түрлі бағытта жүру, жүгіру, бағана болып қатарға тұру.<br>ІІ 1б.қ аяқ бірге, қол төмен1-қол соғу. 2б.қ оралу. 4-5рет қайталау.<br>2б.қ аяқ арасы ашық, қол белде1-оңға еңкею, 2б.қ оралу 3-солға еңкею, 4б.қ оралу 4-5 рет<br>3б.қ аяқ арасы ашық, қолды бастан асыра айқастырып ұстау.<br>1тізені бүкпей алға қарай еңкею, 2б.қ оралу<br>4б.қ аяқты созып отыру.1-аяқты бүгіп, тізені қапсыра құшақтау,2б.қ оралу. 4-5рет қайталану.<br>5 аяқты алмастырып секіру<br>ІІІ Еркін тыныс алу жаттығулары | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайыру. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айтқызу.<br>Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру.<br>«Көктемгі ағаштар» туралы не білетіндерін сұрау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыра алады<br>**«Ұлттық қйын» «Асық ойыны «Асық ойыны** - қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны – сақа, жақсылары – оңқай аталады.<br>**Дене шынықтыру** | Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдай алады<br>**«Ұлттық ойын» Айгөлек**<br>Айгөлек – халқымыздың ұлттық ойындарының бірі. Ойын шарты бойынша ойнаушылар екі топқа бөлінеді. Олардың сандары да, жас шамалары да бірдей болулары керек. Екі топтың екеуінің де ойынды бастаушысы болады. | Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқаұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыра алады Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтере алады<br>**Ұлттық ойын Асық ойынының бір түрін «Омпы»**<br>. Омпы – асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі. Бұл ойынды көбінесе бозбалалар ойнайды. Оны таза ауада жазық алаңда, не үлкен бөлмелерде ойнауға болады. Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынның мақсаты - | Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрыла алады<br>**«Ұлттық ойын» «Ханталапай»**<br>Бұл отырып ойналатын ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асықтың ерекше өзге түске (қызыл, не 36 көк) боялған болуы шарт. Бір-бірден асық іріледі де, қорытынды бойынша ойыншылардың кезектері анықталады. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған | **Көңілді қошақандар»**<br>Көңілді қошақандар Спорт залда немесе аланда жерге ұзын сызық сызылады. Бұл сызық көпір, ал көпірдің арғы жағында қошақандардың үйі болады. Қошақандар көңілді әуенмен билеп жүреді, әуен тоқтағанда жарыса отырып, көпірден өтіп, үйлеріне жылдам жетулері керек.<br>**Музыка тыңдау:**<br>Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. Балабақша ауласындағы ағаштарды санату. **(математика негіздері)**<br>**Қимылды ойын**<br>«Хан талапай | Аралары 10-15 метрдей жерде қол ұстасып, қатарласатұрған осы екі топ біріне-бірі сөз тастап, күш көрсетіп, өнер жарыстыра бастайды.<br>**Музыка**<br>**Спорт залға келіп қимылды ойындар ойнап, спорттық жаттығулар жасау**: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрыла алады | асық ұту.<br>Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көн сызады да біріншісіне төрт бұрыш жасайды<br>**Дене шынықтыру**<br>Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға мүмкіндік бере алады<br>**Наурыз айы келіпті,**<br>**Қар, мұзы да еріпті.**<br>**Көптен күткен халқына,**<br>**Мол ырысын беріпті.**<br>**Қазақ тілі** | бар асықты ортаға иіруі керек. Қалған ойыншылар өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» көз салады. | алады.<br>**Кім жылдам?**<br>Ойын аулада, спорт залында, бөлмеде ойнала береді. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды<br>**Денешынықтыру** |
| | Көктем мезігілі туралы фильм көрсету. Көктемде ағаштар бүршік жарып, жапырақ ашып, жеміс ағаштары гүлдейтінін айта алады Бірақ бұл құбылыс Қазақстанның әр өңірінде әр түрлі | Ата –бәйтерек, Бала – жапырақ мақылын кесте арқылы көрсетіп түсіндіре алады. Бәйтерек ағашы туралы фильм көре аладысуреттер қарай алады.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Балаларды орталықтарға бөлу. Бірінші орталықта Қалауы бойынша кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыра алады. | Ғажайып қоржынды көрсету. Ішіндегі ойыншықтарды таныстыра алады.<br>**Дидактикалық ойын**<br>**«Кім жылдам жұбын табады»**<br>ғажайып қалтадан ойыншықтар шығару, | Дидактикалық ойын «Ағаштардың дәнін тап» Суреттерде ағаштар және олардың дәндері. Екінші конвертте ағаштар және жемістер. Сәйкесін табуды үйрету. Оларды қалай тануға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | уақытта болатынын айта алады Мысалы Астанаға көктем кеш келеді. Ал Қазақстанның оңтүстігінде өрік ағаштары гүлдеп жатқанын түсіндіре алады. Терезеге қарап, ағаштарды бақылай алады Дәл осы сәттегі ағаштардың бейнесін сурет салып, есімізге сақтап қалайық деп суретін сала алады. **(қоршаған ортамен танысу, сурет салу)** «Бақша ағаштары» әңгімесін оқып беру. Әңгіменің негізі ойын балаларға түсіндіру. **(көркем әдебиет)** | Ұжымдық жұмыс. Алдын ала жасалған бәйтерекке жапырақтарын ермексаздан жасап жабыстыра алады. **(мүсіндеу)** Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылай алады. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік бере алады. **(қоршаған ортамен танысу)** Жаңбырдың суын басып, құрғақ жерді басу арқылы іздер салуды ұйымдастыра алады. **(сурет салу)** **Ұлттық ойын. «Жапалақтар мен қарлығаштар»** Жапалақтар мен қарлығаштар - ұлттық ойын. Ойын кең, жазық | **(көркем әдебиет)** Екінші орталықты дербес шығармашылшық әрекет. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын айтып бере алады сурет сала алады **(сурет салу).** Көктемгі ағаштарды бақылай алады. Олардағы өзгерістерді бақылату үшін әр балаға ағаштардың айырмашылық белгілерін тани білуін қалыптастыра алады. **(қоршаған ортамен танысу)** **Ұлттық ойын. «Бұғынай »** **О**йынға қатынасушылардың саны 10—25, одан да | балаларға топтан соның жұбын тауып саластыра алады **(математика негіздері)** Топты сәндеуге арналған заттар жасай алады. Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрене алады **(құрастыру)** Балабақшаның сыртындағы көліктерге назарларын аудarту. Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауғаүйрене алады. «Полиция» ойынын ойнату. **(қоршаған ортамен танысу)** Табиғи заттардан (қардан) әр түрлі | және ажыртуға болатынын түсіндіру. Бір біріне жасырып ойнауын ұйымдастыру **(сөйлеуді дамыту)** Дәндерді 5еуден жинау. Карточкалармен жұмыс жасай алады. **(ма** Кітаптан балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. **(көркем әдебиет)** Табиғатты бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, ұя салуы, балапан шығаруы жайлы айтып,көрсетіп таныстыра алады **(қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | алаңдаөтеді. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды. Ойнаушылар екі топқа бөлінеді де бірінің арқасына бірі арқасын қаратып, екі сан құрып тұрады | артық бола береді. Ойынға қатысушылар малдастарын құрып, дөңгелене отырады. Орталарынан бірі ойын жүргізушінің рөлін атқарады | құрылымдар құрастырта алады **(құрастыру)**<br><br>**Қимылды ойын** «Өз түсіңді тап» | **Қимылды ойын** «Трамвай» **тематика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылату. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | ***Серуен № 1***<br>**. Бақылау. Гүлдейтін ағаштарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Жеміс ағаштарының гүлдейтінін көрсету арқылы оларға түйнектің қалай пайда болатынын түсіндіру. Ағаштарды сындыпмай, күтіп-баптау қажеттігін білдіру.<br>**Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан», «Қуыспақ» «Өз ағашыңды тап»**<br>**Жеке жұмыс**. Балаларға шие және алма ағаштарын гүліне қарай ажыратуға жұмыстану .<br>**Еңбек.** Ағаш түбін қопсыту, су құю.<br>. **Көркем сөз.**<br>Отырғыз ағаш көктемде,<br>Жөн болмақ еңбек еткенің.<br>Келмесе шамаң еккенге,<br>Сындырма жұрттың еккенін. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану.<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**<br>Ереже айту. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | . Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Әр түрлі, балалардың қалауы бойынша ертегілер оқып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді.<br>Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Кітаптарды қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату. **(сөйлеуді дамыту)** Дайын ағаштарға жапырақтар мен | Астанадағы бәйтерек мұнарасы туралы айта алады. оның макетін көрсете алады. Құрылыс бөліктерін санай | Топтағы ойыншықтарды санату, салыстыру. Жиын жасату. **(математика негіздері)** | Табиғи қалдық заттардан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі | Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарай алады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | гүлдерді ермексаздан жасап, немесе қағаздан қиып жапсыра алады. (мүсіндеу**, жапсыру)**<br><br>Көктем туралы жаттаған әнін айта алады<br>**(музыка)**<br><br>Табиғи заттардан құрылымдар құрастыра алады.<br>**(Құрастыру)**<br>**Ұлттық ойын Жүйріктер жеңеді»**<br>«Жүйріктер жеңеді» – ұлттық ойын. Ойынға қатысушылар көк және сары топ болып екі топқа бөлінеді. Бір төбенің үстіне ойыншыларға түгелдей жетерлік мөлшерде көк және сары таяқшалар тасталады | алады, салыстыра алады.<br>**(математика негіздері)**<br>«Мақта қыз бен мысық» ертегісіндегі ағаштың рөлі туралы сұрау. Ертегіні сахналай алады<br>**(көркем әдебиет)**<br>Балаларды орталықтарға бөліп жақсы көретін әндерін тыңдатып, би билей алады.<br>**(музыка)**<br>Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта Жапсыра алады.<br>**(жапсыру)** | «Көктемдегі Маша мен аю» ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құрату **(мүсіндеу)**<br><br>Конструктордан ұя құрастыру дағдыларын қалыптастыра алады<br>**(құрастыру)**<br>Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билей алады<br>**(муызка** | бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау;<br>**(жапсыру)**<br><br>Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыра алады<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Ұлттық ойын. Шүлдік ойыны**<br>Жазық алаңда ойналатын жас өспірімдер ойынының бірі - «Шүлдік» ойыны. Ойынға екі басы үшкірленген ұзындығы бір қарыс шүлдік (ағаш) керек. | әңгімелей алады. Топтағы ойыншықтарының суретін сала алады, мүсінін жасай алады, немесе қағаздан өздері ойыншық жасай алады.<br>**(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)**<br>**Ұлттық ойын. Жаяу көкпар»**<br>Бұл ойын спорт залында, жазды күні кең жазықта (аулада) ойналады. Жазық алаңның бір шетіне шағын дөңгелек шеңбер сызылады да, ішіне құм түйілген ақ шүберек қойылады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | . «Ол не?» Мақсаты: Балаларды заттардың бірбірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету, аңғарымпаздылыққа баулу | . «Сиқырлы суреттер» Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. | Д Ойын: «Кім епті» Ойынның мақсаты:Заттардын атын дұрыс атай білуді үйрету. Шапшаңдыққа баулу | Дидактикалық ойын «Қайсысы артық?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. | Дидактикалық ойын . «Не болды, не бар?» Мақсаты: Балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Еркін ойындар<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Жоғары лақтыр» | **Қимылды ойын**<br>«Шеңберге түсір» | Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын**<br>«Жалауға қарай жүгір» | Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын**<br>«Поезд» | Еркін ойындар<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау, сухбаттасу<br>Апта бойында болған қызықты сәттерді әңгімелеу. | | | | |